

**Баяндаманың тақырыбы:**

**Топтық жұмысты**

**ұйымдастырудың маңызы**



# Топтау әдістерінің тиімділігі


- **Ұтымды жақтары**

Оқушылардың бір-біріне жолдастық, достық қарым қатынастары дамиды. Бір-біріне бар ынта-жігерлерімен көмектесуге, үйретуге бейім болады. Топтық жұмыстар кезінде ұйымдастырудың жөн жобаларын біледі, оны қолдана алды.

Бір сабақтың үстінде берілген материалдарды, бір біріне көмектесе отырып толық меңгереді. Топтық жұмыс сабақты ұйымдастыруда жаңашылық алып келеді. Топ мүшелері мен мұғалімнің арасында, топ мүшелері арасында сенімділік байланыстың орнығуына көмектеседі. Топ ішінде кері байланыс жүзеге асады.

Кейбір дағдылар рефлексивтік оқыту тұрғысынан қолданылады.

- Нақты және түсінікті сипаттама
- Белгіленген жорамал мен құндылықтарды мойындау
- Шынайы қорытындылар мен жалпылаулар жасау.



# Топпен жұмыс жүргізудің түрлері


- **Топпен жұмыс жүргізудің екі түрі бар.**

Бірыңғай топтық жұмыс.

Сараланған топтық жұмыс.

Эстондық ғалым Х.И. Лийметс топтық жұмыстың төмендегідей принциптерін анықтайды:

- Сынып оқушылары 3 немесе 6 адамнан топқа біріктірілуі керек
- Әр топ бірыңғай тапсырмаларды немесе сараланған тапсырмаларды алып жұмыс жасайды.
- Топ ішінде «көшбасшы», «спикер» «сараптамашылар», «уақыт есептеушілер» жұмыстарын бөліп алады.
- Тапсырмаларды орындау топ мүшелері бір бірімен пікір алмасады, бірін бірі бағалайды.
- Топта қабылданған шешімдер бүкіл сыныппен талқыланады.



# Топты іріктеу

- Психолог Ю.Н.Кулюткин зертеуі бойынша топты іріктеуде екі белгіні негізге алуымыз керек: оқушылар арасындағы оңтайлы қарым қатынастары мен оқушының оқу жетістіктерінің деңгейі. **Гомогенді** және **гетерогенді** топтар болуы мүмкін. **Гомогенді** топ дегеніміз бірыңғай жақсы оқитын немесе білім деңгейі бірыңғай төмен оқитын оқушылардан тұрады. Ал **гетерогенді** топта білім сапасын әртүрлі деңгейде меңгерген оқушылардан тұратын балалар болады.



# Топты білім жетістіктеріне қарай іріктеу


- Менің тәжірибемде оқушылардың оқу жетістіктеріне қарай 4 топқа бөлу өз жемісін беруде. Әр сыныпта «үздік оқушылардың» 2-деңгейі, олар мемлекеттік стандартты қосымша күрделі деңгейдегі тапсырманы, оған қосымша шығармашылық тапсырманы орындайтын, мемлекетті стандартты қосымша күрделі деңгейдегі тапсырманы орындайтын және «жақсы оқитын» оқушылардың 2-деңгейі, олар мемлекетті стандартты қосымша күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырманы орындайтын, мемлекетті стандарттағы тапсырманы ғана орындайтын оқушылар. Күрделі тапсырманы лезде орындаған үздіктер тапсырманы орындауда қиындық көріп отырған топтарға консультант ретінде көмектеседі. Осылайша динамикалық және жұптық оқыту да жүзеге асады.



# Топтағы лидерді сайлау


Топқа түрлі стратегиямен бөлу практикада кең пайдаланылады. Ал лидерді сайлау көп жағдайда социометриялық әдіспен өтеді. (Болдарев .В Сынып жетекшісі М.1982) Білім деңгейі бірдей оқушылардан құралған топта, топ басшысын сайлау актуальдандыруға арналған қызықты тапсырма беру арқылы топ ішінде ең көп құнды ұсыныс айтқан, топты тығырықтан алып шығатын оқушы сайланады. (М: Жан баспаған аралға тап болғандағы жағдай ойыны)

**Ұсыныс: Топта әрқашан спиккер және бағалаушы сол бір оқушылар бола бермес үшін мұғалім әр сабақта топтың құрамын реттейтін журнал бастап есеп жүргізіп отыруы дұрыс шешім.**



# «Шәкіртті ең бірінші шешен қыл, онан кейін көсем қыл»

Ұжымдық оқытуда кейбір оқушының тапсырманы жазбаша орындап оны ауызша сөйлеу арқылы қорғай алмауы . Мұндай оқушыларды психологияда лагофобиялық (Лагос- сөйлеу, фобус –қорқу) кедергісі бар деп есептейді. Топтап оқытудың пайдасы туралы Ибн Сина Әбу Әли Хусейн Ибн Абдолла(Авиценна 980-1037) былай деген болатын: «Егер бала жалғыз оқып, сыныптастары жоқ болса, бұл оқытушы мен үйретушіге ортақ қынжылыс болмақ. Сондықтан ең жақсысы-балалар оқу тәрбие үдерісінде үлгілі мінезге бір-бірінен үйренетін ұжымдық оқытуды ұйымдастыру» негізгі білім беру қағидасы. Осы уақытқа дейін сөйлеуден жасқанатын оқушылармен тек жеке жұмыс атқарған болатынмын. Енді ондай оқушылармен топпен жұмыс жасау арқылы, тапсырмаларды бірлесе атқару кезінде өздерінің жауапкершіліктерін танытып топқа тартылатынын байқадым. Оқушы бойында реттелу болды.Осындай кейбір оқушылардың ауызекі сөйлеуі дамып топ басшысы болып сайлануда. Кейінірек мен өзім үшін мынандай қағида жаздым. **«Шәкіртті ең бірінші шешен қыл, онан кейін көсем қыл»**



# Топ ережесі:

- - Бірін-бірі тыңдау
- Өзгенің пікірін сыйлау
- Сөзін бөлмеу
- Уақытқа бағыну
- Шапшандық
- Бәсекелестік
- Бірлестік






# Топта білімді бағалау

- **Бағалау сызбалары не үшін қажет?**

- 1) Біркелкілік - барлығы бірдей өлшемдермен жұмыс істейтіндігін әркім білуі үшін;
- 2) Сын - не жақсы, ал нені жақсартуға болатынын түсінуге көмектесу үшін;
- 3) Қарым-қатынас – одан не күтілетіні, неге қол жеткізгені және нені жақсарту мүмкін екендігін әркімнің түсінуіне көмектесу үшін.
- Топтық жұмыста өте белсенді оқушылар, әсіресе постер құрастыруда құнды пікірлер айтып, көшбасшылық танытады. Оқушылар өздерін сабақтың кезеңдері көрсетілген бағалау критериилері бойынша бағаласа, ал постерді бағалау кезінде оқушылар арасында келіспеушіліктер болады. Сондықтан сабақта постерді бағалау үшін балалармен бірлесе отырып, бағалау дискрипторын жасау керек. Ол төмендегідей болады:



# Өзін-өзі бағалау парағы

**Аты-жөні:**

**Мектебі:**

**Пәні:**

Өзіңізді “3” баллдық жүйемен  
бағалаңыз

Жоғары – 3; орта – 2; төмен - 1

белсенділігі

ой ұшқырлығы

сөйлеу мәнері

актуальдылығы

нақтылығы

Бағалау шкаласы: 10 баллдан жоғары – “жетті”

10 баллдан төмен – “талпынады”




# Топтардың бірін бірі бағалауы

1	Тақырыптың ашылуы Балдық жүйе арқылы бағалау ( max 5 min 1)	
2	Мәліметтің толықтығы	
3	Көрнекілігі, дизайны	
4	Қорғауы	
5	Регламент сақтауы	



# Топ жұмысында бекіту кезеңі

- **Қарлы кесек** Әр топ өздері қорғаған тапсырманы басқа топқа сұрақ қою арқылы қалай меңгергендерін тексеру жүзеге асады



# Топпен жұмыс жасаудағы мұғалімнің қызметі:

## • Мұғалім

Сабақты ұйымдастырушы және құрастырушысы.


Ұжымдық іс әрекеттің мүшесі.

- Өтілетін жұмыстың мақсатын түсіндіреді.
- Оқушыларды топқа бөледі.
- Топқа берген тапсырмаларға түсініктеме береді.
- Топтық жұмысты бақылайды.
- Олардың іс әрекетін белсендіреді.
- Оқушылардың топтық жұмысын бағалайды.
- Топтық жұмысқа қорытынды шығарады.
- Жіберілеген қателіктерге көңіл аударады.



# Топтық оқытудағы мұғалімнің шапшаңдығы (темпі).

- Ұжымдық оқытуға қарағанда топтық оқыту уақыт пен шапшаңды талап етеді. Осыған орай мен енді бір қағида шығардым **«Нар қалай ыңыранса, бота солай боздайды»** Егер мұғалімнің қимылы баяу, сөйлеу мәнері монотонды, өз іс-әрекетімен шәкіртін баурап қызықтыра алмаса, сондай-ақ жоспарында саны көп, сапасы жоқ тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер болса онда уақыт жалған жетпей сабақ өз уақытында бітпей қалады. Шәкірттің тұлға болып қалыптасуы кері әсер алады.



# Үй тапсырмасы

- Оқушылар негізгі білімді сабақ үстінде игеріп кету керек , ал кішігірім тапсырмаларды ғана үйде орындап келуге беріледі.
- Дегенмен оқушылардың білім деңгейіне байланысты шығармашылыққа баулитын тапсырма 3 деңгейде өтетін материалдың ауқымына байланысты болу керек. (В.А. Сухомлинский былай деген «Мұғалімнің оқу үрдісіне шығармашылықпен қарауы баланың бойындағы жасырын қабілеттіктері мен дарынын ашады».) Мұндай тапсырманы беруде мұғалім сабақтың басқа кезеңдеріндегі уақытты үнемдеу арқылы міндетті түрде нұсқаулық беру керек.
- **Ұсыныс: Үй тапсырмасын берген кезде хронометражды үнемі назарда ұстаңыз!**



# Топтық жұмыс арқылы дамытылатын тұлғааралық іскерлік



**Қатынас: жазбаша және ауызша дағдылар, белсенді тыңдаушының дағдылары мен ауызекі тілін пайдалану**



**Өзін-өзі көрсете білу: топ жұмысына белсенді қатысу үшін үстемдік танытпай жұмыс істеу сенімділігі**



**Басқаларды қолдау: топ жұмысына белсенді қатысу үшін үстемдік танытпай, күйзелісті жағдаяттарды басқару**



**Басқаларды қадағалау және басқалар туралы хабардар болуы. Топтың басқа мүшелерін сезіне білу.**



**«Мен өзімнің ұстазыма әкемнен де кем емес қарыздармын :әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді баянды ету туралы білім алдым».**

**Александр Македонский**



# Қорытынды

- Қорыта келе, топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпынысы артады, әр оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талпынады. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталады. Топтық жұмыс оқушы белсенділігін арттыруда үлкен жетістікке жеткізеді.



# Пайдаланған әдебиеттер

- Жеке кітапхана

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық.

2. А. Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО –да қолдану мәселелері. 108- бет.

3. «Мұғалім КЗ» журналы № 2,5 2013


жыл

4. (Болдарев .В Сынып жетекшісі М.1982)

.



**СҮЛАСҨБО ЗЯ ВЯНМЯНҨЕ !  
БУДЬТЕ ДОБРЕЕ И ТЕРПИМЕЕ !**



**НАЗАРЛАРЫҨЫЗГА РАХМЕТ!!!  
THANK YOU FOR ATTENTION!!!**